

Капышева С.К.,
Турсумбаева М.Ж.,
Каменова М.Ж.

**Қазақстан Республикасында
тауарларды электрондық
декларациялауды дамыту**

Kapysheva S.,
Tursumbayeva M.,
Kamenova M.

**Development of electronic
declaration of goods in the
Republic of Kazakhstan**

Капышева С.К.,
Турсумбаева М.Ж.,
Каменова М.Ж.

**Развитие электронного
декларирования товаров
в Республике Казахстан**

Тауарлар мен көлік құралдарын кедендік рәсімдеу процесін модернизациялау жағдайында экспорттық-импорттық операциялардың бірыңғай жүйесі халықаралық электрондық сауданың даму кепілі болып есептеледі. Аталмыш жүйені енгізу кедендік рәсімдеудің тәуекелі мен аудит факторларын бағалауға бірыңғай негіз қалыптастыруға мүмкіндік туғызады. Берілген мақалада электрондық кеден енгізу, тәуекелдерді басқару жүйесін жетілдіру, кеден органдарының құқық қорғау қызметінің тиімділігін арттыру, кедендік бекет бақылауын дамыту сұрақтары қарастырылады, сонымен қатар белгіленген мәселелерге, одан әрі дамытудың жоспарларына сәйкес ұсыныстар қойылады. Ұлттық және халықаралық операциялар жеңілдету қатысты мәселелер негізгі назар аударылады және процестерді оңайлату мен үйлестіру арқылы, процедуралар және ақпараттық бизнес пен халықаралық сауданы өсуіне әкімшілік жүктемені азайту мақсатын көздеп және оның жүзеге асырылуын мақалада көрсеткен.

Түйін сөздер: кеден саласы, кеден әкімшілендіру, электрондық декларациялау, тәуекелдерді басқару жүйесі, кедендік операциялар, кедендік рәсімдеу.

A new direction for the further simplification of procedures in trade is the creation of electron-connected trading community. As part of the «e-declaration» project is expected to simplify and streamline procedures to the documents and data requirements; bring existing procedures and documents to international standards; automate processes submitted information and documentation control. In this regard, the article deals with the introduction of e-customs, improving the risk management system, enhancing the law enforcement component of customs activity, the development of customs control at the border crossing points, as well as offer suggestions for their solution. The main attention is paid to matters relating to the simplification of national and international transactions, through the simplification and harmonization of processes, procedures and information flows in order to reduce the administrative burden on business and the growth of international trade.

Key words: customs sphere, customs administration, electronic declaration, risk management system, customs operations, customs decor.

Новым направлением для дальнейшего упрощения процедур в торговле является создание электронно-соединенного торгового сообщества. В рамках реализации проекта «электронное декларирование» планируется упростить процедуры и оптимизировать требования к документам и данным; привести действующие процедуры и документы к международным стандартам; автоматизировать процессы документации и контроля представляемых сведений. В связи с этим, в статье рассматриваются вопросы внедрения электронной таможи, совершенствование системы управления рисками, повышение правоохранительной составляющей таможенной деятельности, развитие таможенного контроля на пунктах пропуска, а также предлагаются предложения по их решению. Помимо прочего сообщество включает таможенную, банки, грузоотправителей, порты и аэропорты, брокеров, регулятивные органы, отдел статистики и регистрацию транспортных средств. Главное внимание уделено вопросам, связанным с упрощением национальных и международных торговых операций путем упрощения и согласования процессов, процедур и потоков информации для снижения административной нагрузки на бизнес и роста международной торговли.

Ключевые слова: таможенная сфера, таможенное администрирование, электронное декларирование, система управления рисками, таможенные операции, таможенное оформление.

**ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНДА
ТАУАРЛАРДЫ
ЭЛЕКТРОНДЫҚ
ДЕКЛАРАЦИЯЛАУДЫ
ДАМУ**

Бүгінгі күні Қазақстан Республикасы кеден саласындағы дамудың айқындаушы бағыттарының бірі кедендік қызметтегі екпінді қазыналық бағыттан бақылау-себептесу қызметіне ауыстыру болып табылады.

Осы үрдіс аясында соңғы жылдары кеден органдары кедендік бақылаудың тиімділігін және кедендік әкімшілендірудің сапасын арттыруға, кедендік үдерістерді жеңілдетуге және жеделдетуге бағытталған бірқатар шаралар қабылдады. «Біз салық әкімшілігін ырықтандыру және кеден әкімшілігін жүйелендіру саясатын жалғастыруға тиіспіз.», – деп Елбасы Н.Ә. Назарбаев Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы – «Қазақстан – 2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағытында осылай деп айтқан болатын [1]. Бұл кедендік әкімшілендіруді кедендік бақылаудың тиімділігін пайдалану арқылы жетілдіру Қазақстан үшін маңызды екенін көрсетеді.

«Тәуекел аймақтарын» іріктеп жүргізу, жүйелік ақпараттық талдау және жоспарлау принциптеріне негізделген кедендік бақылау тиімділігін арттыру мақсатында, электрондық декларация технологиялары белсенді түрде енгізілуде, тәуекелдерді басқару жүйесі енгізілді, өткізу бекеттерінде біріктірілген бақылау принциптері енгізілуде. Кеден органдарын заманауи жоғары технологиялы жабдықпен және бағдарламалық өнімдермен жабдықтау бойынша жұмыс жүргізілуде. Кеден органдары қызметінің ашықтығын қамтамасыз етуге және оны жеңілдетуге бағытталған жүйелік және операциялық сипаттағы іс-шаралар жоспарланды және іске асыруға қабылданды, олардың қатарында екпінді декларацияның негізгі кезеңінен тауарлар шығарылғаннан кейінгі кезеңге көшіру, кедендік бағаны бақылаудың жаңа тұжырымдамасы, жанама салықтарды әкімшілендіруді салық органдарына тапсыру, кеден бекеттерін категориялау, экспорт-импорттық операцияларға арналған «Е-терезе» әзірлеу, біріктірілген кедендік тарифті әзірлеу. Сонымен қатар, кедендік органдардың бюджетке ақша қаражатын жинауды толықтыру бойынша негізгі мақсаттарға қол жеткізу бағдары кедендік әкімшілендіру шараларының сипатын қолдануға мәжбүрлейді.

Олар кедендік рәсімді рәсімдеуді жеңілдетуге немесе жеделдетуге емес, кедендік бағаларды түзету, сыныптамалық

шешімдерді және өзге шараларды қайта қарау жолымен сыртқы экономикалық қызмет қатысушыларынан кедендік баждар мен салықтарды алуға бағытталған.

Осыған орай, кеден одақтарын қазыналықтан бақылау-себептесу қызметіне қайта бағдарлау кеден органдарының кедендік бақылауды жүзеге асыру және сыртқы экономикалық айналымды ынталандыру бойынша міндеттер қойып, кедендік төлемдер мен салықтар жинау бойынша, бизнес жүргізу үшін қолайлы жағдайлар жасау бойынша міндеттер арасындағы қажетті тепе-теңдікті қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Тұжырымдаманың негізгі міндеті – кедендік әкімшілендіруді дамытудың негізгі бағыттарын, соның ішінде мынадай түйінді салалардағы негізгі бағыттарды анықтау:

- электрондық кеден енгізу;
- тәуекелдерді басқару жүйесін жетілдіру;
- кеден органдарының құқық қорғау қызметінің тиімділігін арттыру;
- кедендік бекет бақылауын дамыту [2].

ҚР кеден органдарында электрондық декларацияны іске асыруды жоспарлаудың негізгі құралы «Web-декларант» электрондық декларациялау кешені болып табылады. Бұл жүйе брокерлік компанияларды тартпай, өз бетінше тауарларға декларацияны электрондық түрде беруге, ақысыз негізде кедендік декларациялардың электрондық көшірмелерін жасауға және интернет арқылы кез келген кеден органының мекенжайына жіберуге, сондай-ақ кедендік құжаттар мен олардың электрондық көшірмелерін жасауға мүмкіндік береді.

Бүгінгі күні ҚР кеден одақтарында қабылданған электрондық декларациялау үдерісі тауарларды кедендік декларациялаудың алыстан рәсімдеуде жатыр, оның барысында декларант пен кеден маманы бір-бірінен алыс қашықтықта тұрып, интернет арқылы диалог жүргізе алады. Бұл жағдайда қағаз тасымалдағыштағы құжаттарды декларант тек тәуекелдерді басқару жүйесін бағалаудың нәтижелері бойынша қосымша тексеріс жүргізу талап етілетін жағдайларда ғана ұсынады. Осылайша құжаттар мен мәліметтерді тексеру кедендік нысаны біршама жеңілдейді.

Бұл технология кедендік операциялар мен бақылауды жүзеге асырудағы принципті тұрғыда жаңа тәсілдеме болып табылады және мынадай артықшылықтары бар:

- тауарларды кедендік декларациялауды ұйымдардың кедендік бекеттер мен тауар тұрған орынға жалғаусыз жүзеге асыру, көлік логистикасын оңтайландыру және сыртқы экономика-

лық қызмет қатысушыларының қаржылық шығындарын қысқарту;

- кедендік операциялар жасаудың уақытын қысқарту;

– тауарларды шығару туралы белгілер соғылған кедендік декларацияның қағаз көшірмесін декларациялау орнында немесе тауарлар тұрған орында алу мүмкіндігі;

- кедендік бақылау мен ірі қалаларға беттейтін үлкен әрі ауыр жүктерді тасуға арналған автокөлік ағынын қысқарту;

– кеден органы қызметкерлері мен сыртқы экономикалық қызмет қатысушылары арасындағы байланысты азайту және т.с.с.

Оған қоса, аталмыш технологияны енгізу елдің орталық және шекарамен шектес аймақтары арасында кадрлық және материалдық-техникалық қорларды әркелкі бөлудің қазіргі жағдайында кедендік органдарға түсетін жүктемені қайта бөлуге және оңтайландыруға мүмкіндік береді, бұл өз кезегінде қызметкерлер саны аз шекарада орналасқан кедендік бекеттерді қысқартуға мүмкіндік береді. Бұл жағдайда, бүгінгі күні кедендік әкімшілендіруді жақсарту үшін қажетті уақытша шара ретінде бекеттерді бір санатқа жатқызу екінші жоспарда қалады.

Мәселен, бүгінгі күнге электрондық декларациялаудың негізгі параметрлерін анықтайтын стандарттар айқындалмаған. Электрондық декларациялау іске асырылатын операциялық үлгі түпкілікті анықталған жоқ.

Электрондық декларацияға көшу шарттарының бірі өзге мемлекеттік органдардың дерекқорларында сақталып тұрған ақпаратқа қол жеткізу болып табылады. Сонымен бірге өзге мемлекеттік органдардың дерекқорларында электрондық форматта бұндай ақпарат болмаған жағдайда да электрондық декларациялау жүйесінің мүмкіндігін шектеуі мүмкін. Әсіресе, бүгінгі күні электрондық декларация ұсынуға қажетті «Е-лицензиялау» жүйесінің дерекқорындағы рұқсат құжаттар мен сертификаттар тізбесі толық емес, бұның себебі кейбір мемлекеттік органдар лицензияларын, сертификаттары мен өзге рұқсат құжаттарын электрондық форматқа көшірмегендігінде. Бұл жағдай сыртқы экономикалық қызмет қатысушысы «Е-лицензиялау» порталы арқылы қажетті лицензиялар мен өзге рұқсат құжаттарының барын растауды ала алмайтындықтан, электрондық кедендік декларацияларды толық көлемде енгізу үшін тежегіш фактор болып табылады.

Жалпы алғанда, электрондық кеденді толығымен енгізу тек жоғарыда аталған мәселелер шешілген жағдайда ғана мүмкін болмақ.

Электрондық декларациялауды енгізу саласында белгіленген мәселелерге, сондай-ақ Қазақстандағы электрондық кедендік декларациялауды енгізу саласын одан әрі дамытудың жоспарларына сәйкес, мынадай міндеттердің шешілуін қамтамасыз ету қажет:

– электрондық декларацияға көшуді ескеріп, кедендік заңнамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізу;

– қағазсыз декларациялау бойынша мемлекеттік қызметтерді стандарттау;

– кедендік бекеттерді қажетті интернет-инфрақұрылымымен және байланыспен жарактандыру;

– сыртқы сауда қызметін жүзеге асыру шеңберінде талап етілетін барлық рұқсат құжаттарын электрондық форматқа көшіру.

Бүгінгі күнге Қазақстанның кедендік заңнамасы әлі де болса электрондық декларациялау толыққанды енгізу үшін түзетуді қажет етеді. Осыған орай, кедендік заңнамаға қолданыстағы нормативтік құқықтық актілері толық қағазсыз декларациялауға кедергі жасайтын нормативтік актілер бөлігіне тиісті түзетулер енгізу бастамасын көтеру қажет.

Қағазсыз декларациялауға көшу жолында тұрған негізгі проблемалардың бірі кедендік бекеттерде жеткілікті интернет-инфрақұрылым мен байланыстың жоқтығы. Соның салдарынан, жабдық жұмысында жиі болатын іркілістер, байланыс арналарына шамадан тыс жүк арту, бағдарламалардың «шатасуы», бағдарламаларға жүгінген кезде ақпарат беруден бас тарту болады. Бүгінгі күнге бекеттерді техникалық жарактандыру және бағдарламалық-аппараттық кешен мен телекоммуникациялық жабдық сапасын арттыру мәселелері басым бағыттардың бірі болып табылады, кеден одақтары бұл бағытта белсенді жұмыс жүргізуде.

Электрондық кедендік декларациялаудың толыққанды жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін сондай-ақ сыртқы сауда қызметін жүзеге асыру шеңберінде талап етілетін рұқсат құжаттарын электрондық форматқа көшіруді қамтамасыз ету қажет. Бұл сыртқы экономикалық қызмет қатысушыларын құжаттарлы қағаз тасымалдағышта ұсынудан босатады және декларациялау үдерісін айтарлықтай жылдамдатады және жеңілдетеді. ҚР Көлік және коммуникациялар министрлігінің жоспарына сәйкес, 2012 жылы 80 рұқсат құжаттары, олардың ішінде 51 құжат кедендік реттеу шеңберінде автоматтандырудан өтеді. Пилоттық тәртіпте жүйені автоматтандыру және іске қосу 2012 жылдың төртінші тоқсанында жүзеге асқан. Соған сәйкес, осы міндетті көрсетілген мер-

зімдерде орындау кеден органдарына электрондық декларациялауды жоспар бойынша енгізуді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді [3].

2011 жылдан бастап ҚР кеден органдарында «Іріктемелі бақылау және тәуекелдерді басқару» (бұдан әрі – ІБТБ) автоматтандырылған жүйесі жұмыс істеп келеді, жүйе кедендік бақылауды жүзеге асыру кезінде кеден органдары қызметкерлерінің шешім қабылдау рәсімін автоматтандыруға мүмкіндік береді. Бұл жүйе кедендік декларацияларда мәлімделген мәліметтерді бағалауға мүмкіндік береді, және кедендік декларациядағы мәліметтерді бағалау нәтижелеріне сәйкес тәуекелдерді болдырмау және азайту бойынша шараларды анықтайды, сондай-ақ кеден органы қызметкерлерін тиісті тізілімге енгізу және олар бойынша е-құжаттама жүргізу үшін, кедендік іс саласында қызметтерді жүзеге асыратын тұлғалардың құқықтық тәртібі мен тәуекелдерді басқару процесін автоматтандыруға мүмкіндік береді.

Енгізу процесінде ІБТБ «Тәуекелдерді кеден бекетінде талдау» және «Тәуекелдерді стратегиялық басқару» үлгілері тұр. Бірінші үлгі сыртқы экономикалық қызмет қатысушыларының тәуекелдерін бағалау және кедендік тексерістер жүргізу үшін сыртқы экономикалық қызмет қатысушыларын іріктеу бойынша, сондай-ақ кедендік бекеттегі бақылау нәтижелерін есепке алуды жүргізу үшін кедендік бақылау процесін автоматтандырады. «Тәуекелдерді стратегиялық басқару» үлгісінің көмегімен тәуекелдерді басқару жүйесінің жұмыс істеу нәтижелерін жүйелеуге, соның ішінде ерекше назарды қажет ететін тәуекел салаларын анықтауға, тауарларды шығарғанға дейін / шығарғаннан кейін кедендік бақылау кезінде қолданылатын тәуекелді бағалау үлгісін бағалауға, тәуекелдерді болдырмау және азайту бойынша қолданылатын шаралардың тиімділігін бағалауға болады.

Сонымен бірге, кеден органдарындағы тәуекелдерді басқару жүйесін дамытуға қатысты бірқатар мәселелер, соның ішінде әдістемелік сипаттағы және қызметкерлер құрамын оқыту, сондай-ақ ІБТБ-ті өзге жүйелермен біріктірудің жеткіліксіздігіне қатысты мәселелер шешімін таппай отыр.

Мәселен, кедендік тексеріп қарауды ІБТБ ұсыну сипаты болмаған кезде жүргізу фактілері әлі күнге дейін кездеседі, ал ол төтенше жағдайларда, оған негіздеме болған кезде ғана жүргізілуі тиіс. Онымен қоса, бұндай тексерістердің нәтижелері ойлаған деңгейге әлі жеткен жоқ.

Бүгінгі күнге проблемалардың бірі ІБТБ мен құқықтық және әлеуметтік ақпарат орта-

лығының дерекқоры арасында бірігудің болмауы, ол тәуекелдерді бағалау үшін қажетті ақпаратты автоматты режимде пайдалануға және нәтижесінде жүйені қолдану мүмкіндіктерін және жалпы оның тиімділігін арттыруға мүмкіндік берер еді.

Жалпы алғанда, жоғарыда сипатталған проблемалар мен сұрақтар көп жағдайда Қазақстанның кеден органдарында тәуекелдерді басқару тұжырымдамасының өзін қолдану салыстырмалы түрде жақында қабылданғандығымен байланысты туындап отыр, осыған орай оларды шешу үшін белгілі бір уақыт қажет.

Тиімді мақсаттарға қол жеткізу үшін мынадай міндеттер кешенін шешу қажет:

– заңнамалық базаны жетілдіру;

– ҚР кеден органдары құқық қорғау бөлімшелерінің кеден ісі саласындағы қылмыстар мен құқық бұзушылықтардың алдын алу, анықтау және жолын кесу жөніндегі қызметінің тиімділігін арттыру жөніндегі қызметінің тиімділігін арттыру;

– ҚР кеден органдары құқық қорғау бөлімшелерін материалдық-техникалық жарақтандыру;

– кеден органдары жүйесіндегі тиімді кадр саясатын құру;

– ҚР кеден органдарының лауазымды тұлғалары арасында сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендету;

– құқық қорғау қызметі бойынша халықаралық ынтымақтастықты дамыту.

Сонымен қатар мемлекеттік бақылаудың барлық түрлерін жүзеге асыру кезінде ақпарат жинау, сақтау және өңдеудің бірыңғай ведомствоаралық автоматтандырылған жүйесін құруға да көңіл аудару қажет. Кедендік бақылаудың техникалық құралдарын қолданудың тиімділігіне үздіксіз мониторинг жүргізу маңызды болып табылады.

Электрондық декларациялауға толыққанды көшуді қамтамасыз ету мақсатында кеден заңнамасына тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп, қағазсыз декларациялау бойынша мемлекеттік қызметтер стандарттары әзірленетін болады. Кедендік бекеттер қажетті интернет-инфрақұрылымымен және байланыс жүйелерімен қамтамасыз етілетін болады. Тәуекелдерді басқару жүйесін жетілдіру шеңберінде тәуекелдерді талдау және бағалаудың әдістері мен тәсілдемелерін жетілдіру, тәуекелдерді басқару жүйесінің жұмысын регламенттейтін нормативтік құқықтық актілерге тиісті өзгерістер енгізу, талдау бөлімі қызметкерлерінің біліктілігін арттыру бойынша жұмыс жүргізілетін болады.

Әдебиеттер

1 Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы – «Қазақстан – 2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты // Алматы, 2013.

2 Концепция развития таможенного администрирования // Приказ председателя Комитета таможенного контроля Министерства финансов Республики Казахстан от 04 февраля 2013 года № 42.

3 Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің 2011-2015 жылдарға арналған стратегиялық жоспары // Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 11 ақпандағы № 129 Қаулысы.

References

1 Kazakhstan Respubliki Prezident Kazahstan halkyna Zholdauy – «Kazahstan – 2050» Strategiya - kalyptaskan memleket zhana sayasi bagyta // Almaty, 2013.

2 Kontseptsiya razvitiya tamozhennogo administrirovaniya // Prikaz predsedatelya Komiteta tamozhennogo kontrolya Ministerstva finansov Respubliki Kazahstan ot 04 fevralya 2013 goda. № 42.

3 Kazakhstan Respubliki kolik zhane kommunikaziya ministriginin 2011-2015 zhyldarga arналған strategiyalyk zhospary // Kazakhstan Respubliki Ykimetinin 2011 zhylygy 11 akpandagy № 129 Kaulysy.